

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

УДК 341:32

А.И. ДАРКЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

КОНСТИТУЦИЯ НОРМАЛАРЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР НОРМАЛАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ

Аннотация

Мақалада ХХ-ғасырдың екінші жартысында халықаралық қатынастарды ұлттық заң жүйесіне әсерін тигізіп, ықпал ететіндей халықаралық құқықтық құжаттар әзірлеуге айқын бетбұрыс байқалады. Бұл бетбұрыс бара-бара күш алып, тұрақты құбылысқа айналып келеді. Аталған бағыттың сипатының белгісі ұлттық заңдарды демократияландыруға, гуманитарландыруға, интернационалдандыруға, мемлекеттік – саяси құрылымды жетілдіруге ықпал ету болып табылады.

Тірек сөздер: Тәуелсіздік, ұлт, мемлекет, акт, норма.

Ключевые слова: Независимость, нация, государства акт, норма.

Keywords: Independence, nation, states act, norm.

Халықаралық құқықтық нормалар ұлттық заңдардың және мемлекеттік құрылыстың барлық салаларын қамти алмайды. Басқару мен мемлекеттік құрылым нысандарын әр халық өзі таңдайды, және мұндай таңдауға халықаралық құқық ықпал ете алмайды. Еуропа мемлекеттерінің қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы жөніндегі кеңесте оған қатысушылар егеменді теңдік және құқықты құрметтеу қағидасын тұжырымдай келе «бір бірінің өздерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйелерін еркін таңдап, дамыту құқығын құрметтейтін сияқты, өздерінің заңдары мен әкімшілік ережелерін белгілеу құқығын да солай құрметтейтін» болатындығы туралы келісімге қол жеткізді. Сөйтіп халықаралық құқықтық мемлекеттік өздерінің өзара қатынасын ұлттық заңдарын құрметтеу негізінде құруға міндеттейтін маңызды нормасы халықаралық деңгейде орнықтырылды.

Сонымен бірге халықаралық құқық нормаларының ұлттық заңға әсері туралы да айтуға болады. Осы ретте халықаралық құқық нормаларымен өзінен өзі пайда болмағанын, әр түрлі елдердің мемлекеттік құқықтық құрылыс жөніндегі заңдарына мейлінше өміршеңдерін бойларына жинақтағанын атап көрсеткен жөн. Енді ол нормалар жекеленген елдер халықтарының еркін білдіретін сипатта емес, алдыңғы қатарлы халықаралық қоғамдастық арқылы халықтардың жинақталған еркін білдіретін жаң сапада жекеленген мемлекеттерге қайтып оралады.

Мұндай жағдайда қазақ ұлтының өзін-өзі тану құқығы жоққа тән болды. Қазақ халқы өз қалауымен бірде бір өмірлік мәселені шеше алмады. Соның нәтижесінде қазақ тілі күнделікті қолдан шыға бастады, ұлттың қандық, тектік болмысы жойылуға айналды. Тағы басқа ұлттық ерекшеліктер солғын тартты. Ұлттың ұлт ретінде құрып кету қаупі туды.

Тәуелсіздіктің жариялануымен бірге ұлттың өзін-өзі тану проблемасы қайтадан көкейкесті мәселеге айналды, бірақ ол тұрғындар құрамының көп ұлттылығына және басқаларына орай бұдан бұрынғы жылдары жинақталған сын пікірлер ескеріле отырып, жаңа талап деңгейінде шешілуі тиіс. Тиісінше, қазақ халқының өзін-өзі тану құқығы тек қазақтарға ғана емес басқа да ұлт өкілдеріне де қатысты. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік органдарды тұтас алғанда мемлекеттің өзін-өзі тану құқығының проблемасын шешудің мынандай жолын ұсынады: «байырғы қазақ жерінде шаңырағын көтерген қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматтарының тең құқылығын қамтамасыз етеді». Демек Қазақстанның мемлекеттілігі бүкіл халықтың өзін-өзі саяси тануының нысаны және ұлтына қарамастан бүкіл азаматтарына қызмет

етеді. Ал оның кепілі – «мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы - халық» (3 бап 1 тармақ) болып табылатын Қазақстан халқының бүкіл адамдарының бірігуі.

Конституция халықтық егемендік, халық бірлігі барлық салада азаматтар құқықтарының кепілдігі идеясын жүйелі жүргізіп отырады, және осы конституциялық қағидалар халықаралық құқық нормаларына толық сай келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1996-шы жылғы 16-шы желтоқсандағы 15-ші сессиясында қабылдаған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің бірінші бабында «Барлық халықтардың өзін-өзі тануға құқығы бар. Осы құқықтар арқылы олар өздерінің саяси мәртебесін еркін белгілейді және өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының еркін қамтамасыз етеді» деп жазылған. [1].

Демек, Қазақстан халқының еркі мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы болып табылады. Міне, осыдан келіп, мемлекет органдарын қалыптастыру және олардың қызметін халықтың еркі негізінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948-ші жылғы 10-шы желтоқсанда қабылдаған «Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында» былай деп жазылған: «Үкімет билігінің негізі халықтың еркі болуы тиіс. Ол ерік жасырын дауыс беру жолымен немесе басқа да бір алуан нысандары арқылы қамтамасыз етілетін дауыс беру бостандығын жалпыға бірдей және тең сайлау құқығымен өткізілуі тиіс кезеңдік және төте сайлауларда өз көрінісін табуы тиіс».

Конституция халықтық мемлекеттің билікті тікелей, сондай-ақ өз өкілдері арқылы жүзеге асыру құқығын орнықтырды. Егер халықаралық құқық нормалары Үкіметтің өз қызметіндегі еркінің көрінуі туралы және мемлекеттік билік органдарын демократиялық жолмен сайлау туралы әңгіме болса Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселе одан әрі тереңдетіле түседі.

Біріншіден, Конституцияда Парламент және Президент халықтың атынан сөйлейтіндігі айтылады. Тиісінше, тек атқарушы органдар ғана емес, сондай-ақ заң шығарушы органда халықтың еркін білдіреді.

Екіншіден, заңдардың жобалары және басқа да қоғам өміріндегі маңызды мәселелер бүкіл халықтық талқылауға немесе референдумға шығарылуы мүмкін.

Халықаралық құқық нормалары өзін-өзі тану құқығына тек саяси құқықты ғана емес, сондай-ақ экономикалық құқықты да жатқызады. Аталған пактіде азаматтық және саяси құқықтар туралы мынандай қағида бар: «Өздерінің алдарына қойған мақсаттарына жету үшін барлық халықтар өзара тиімділік қағидасына негізделген халықаралық экономикалық ынтымақтастықтан және халықаралық құқықтан туындайтын міндеттемелеріне қайсы бір нұқсан келтірмейтіндей жағдайда өзінің табиғи байлықтары мен ресурстарына еркін билік жүргізе алады» (1 бап).

Қазақстан Республикасының Конституциясы меншіктің екі нысанын: мемлекеттік және жеке меншікті таниды. Меншіктің екі нысаны да заң алдында тең. Сонымен бірге жер және оның қойнауы, су көздері, табиғи өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар қайсы бір басқа жақтың талан-таражына салынып, ысырап етпеуінен қорғау, оларды тиімді пайдалану үшін мемлекеттің түпкілікті меншігінде болады. Табиғат байлықтарын игеру мен пайдалануға қатысты қатынастарды құқықтық жағынан реттеудегі кемшіліктің қай-қайсысы болсын қазіргі және болашақтағы қоғам үшін де толмас олқылықтарға ұрындырады. Табиғи ресурстар – жай мемлекеттік меншік қана емес, байлық ретінде де әр адамның мүдесіне орай пайдаланулары тиіс. Сондықтан табиғи ресурстарды билеуге қатысты әр лауазымды адам халық алдындағы жауаптылығын сезінуі тиіс. Құқық осындай лауазымды адамдар жауаптылығын ерекше режимін белгілеуі қажет. Халықаралық құқықтың нақты мемлекеттің құрылымдық және басқару проблемаларына да араласпайтыны белгілі. Сонымен бірге мемлекет қызметін ұйымдастыруда халықаралық құқық нормаларына сүйенетін бірқатар мәселелер бар.

Оның қатарына бірінші кезекте мемлекетті демократияландыру проблемасы жатады. Халықаралық құқық нормалары нормативтік биліктің демократиялық тұрғыда ұйымдастырылуын қолдайды. Осы нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында жүйелі қолданылады.

Бейбіт, тату, көршілік қатынастар орнатылған, барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге бағытталған мемлекет аумағының мызғымастығы мен қол сұғылмаушылығы қағидасы халықаралық деңгейде танылады. Ол аумақтық мәселе бойынша даулар мен әртүрлі көзқарастар болмайды деген сөз емес. Қазақстан үшін де өте киелі қағида [2]. Қазақстан өзгелердің аумағына көз алартпайды. Бірақ, Конституцияда жазылғандай өз аумағының тұтастығын, бөлінбеуін және

қол сұғылмауын көздейді. Республиканың тұтастығын бұзатын қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне Конституциялық деңгейде тыйым салынған. Мұндай тыйым халықаралық құқық нормаларына сәйкес келеді және қоғамдық бірлестіктер ұйымдастыру мен олардың қызметін шектеушілікті білдіреді. Одан әрі Қазақстан Республикасының Конституциясында Республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын оның қарулы күштері қорғайтындығы жазылған (44 бап). Сөйтіп мемлекет аумағының мызғымастығы туралы халықаралық құқық нормасы Қазақстан Республикасы Конституциясында өзінің бітпеген ойына жетті. Қазақстанның аумақтық тұтастығын қорғау үшін қарулы күштерді қолдану – халықаралық деңгейде танылған құқық. Халықаралық құқық мемлекеттің заң шығару құқығын барынша елеулі сәттеріне айырықша назар аударады.

1. Әртүрлі халықаралық пактілерде заңдардың кері күшін белгілеуге жол берілмейтіндігі аталып көрсетілген. «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында»; «қайсы бір әрекеттің немесе әрекетсіздіктің негізінде жасаған қылмысы үшін оны жасаған кезде ұлттық заң бойынша да, сондай-ақ халықаралық құқық бойынша да қылмыс құрамы болмаса ешкім сотталмауы тиіс. Сондай-ақ қылмыс жасалған кезде қолданылу мүмкін болса да барынша ауыр жаза қолданылмайды» деп жазылған. Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабында: «Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталды немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады» делінген.

Аталған нормалардан мынадай жәйіттер назар аудартады. Әдетте, Конституцияда заңның кері күші көрсетілмейді. Алайда, Қазақстан Республикасы Конституциясында мұндай құқықтық норма бар, ол адам құқық қорғаудың жүйелілігінің жемісі. Оның үстіне халықаралық құқық нормаларына қарағанда Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының ауқымы кең. Халықаралық құқық нормалары тек қылмыстарға қатысты болса, Қазақстан Республикасы Конституциясы нормалары құқық бұзушылықтың барлық түрлерін: мүлктік, еңбек, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықты қамтиды. Заңның кері күшіне тыйым салуда барлық жағдайға орнықтыру немесе жауаптылықты күшейту-мейлінше, мархабатты шара. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Конституциясында бейнеленбеген бір маңызды жәйт «Жалпыға бірдей декларацияда» кездеседі. Онда ұлттық заң бойынша ғана емес, халықаралық құқық бойынша да қылмысы танылмаған адам іс-әрекеті үшін қылмысқа тартылмайды. Әрине, соңғысының болмауы Конституцияның құндылығын кемітпейді, дегенмен, оны қылмыстық заңда жүзеге асыру мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасы Парламентінің ойлануына негіз жасайды.

Халықаралық құқық нормаларында қылмыстық құқықтың бірқатар қағидалары: кінәсіз деп жорамалдау, қажетті қорғаныс, азаптауға тыйым салу және басқалары орнықтырылды. Қылмыстық құқықтың бұл институттары, тәртіп бойынша, конституцияларда жазылмайды. Дегенмен Қазақстан Республикасы Конституциясында кінәсіз деп жорамалдау қағидасы орнықтырылған. Онда былай деп жазылған: «Адамның кінәлі екендігі заңды кшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі». Конституцияның жекелеген баптарында қажетті қорғаныс құқы бөліп көрсетілген, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқада қатыгездік немесе адамдық қадыр қасиеттің қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Осы институттарды белгілі бір дәрежеде конституциялық нормаға дейін көтеруді сотта, заңда адамдарды биліктің шектен тыс асқынуынан қорғай алмаған кеңестік кезеңде адам құқының жаппай бұзылуының шырқап шығуымен түсіндіруге болады.

Адам құқы саласында Қазақстан Республикасы Конституциясының толықтай халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларынан бастау алатыны баршаға белгілі. Тек Конституциядағы және халықаралық құқықтағы адам құқығына деген көзқараста кездесетін ұқсастықтар мен айырмашылықтарға тоқталайын:

1. Халықаралық құқық сияқты Қазақстан Республикасының Конституциясы да қандай да болсын нәсілдік, тері түсі, жыныстық, тілдік, діндік, саяси нанымдық, ұлттық және әлеуметтік және өзге де жағдайларының белгілері бойынша кемсітуді толықтай теріске шығарады.

2. Жасына: балалар, еңбекке қабілеттілер, зейнеткерлер екендігіне байланысты мәртебе бірдей белгіленеді.

3. Отбасы мәртебесі мәселесі қоғамның қарапайым ұясы ретінде де, негізгі ұясы ретінде де бірыңғай шешіледі.

4. Адамның мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласында құқықтары мен бостандықтары жарияланады, оларды жүзеге асыру кепілдігі қарастырылады.

5. Абырой, өмір, денсаулық және қадір – қасиет өз дәрежесінде қорғалады.

6. Адамның құқы мен бостандығын шектеуге өзгеше жағдайларда ғана жол беріледі.

7. Азаматтардың кез – келген әр түрлі ассоцияларға бірігуіне кепілдік беріледі.

Халықаралық құқық нормалары адам құқы мен бостандығын азаматтарға, шетелдіктерге, апатридтерге бөліп сипаттайды. Азаматтар мен аталған мемлекеттің азаматы болып табылмайтын адамдардың арақатынасын дұрыс белгілеу үшін ұлттық заңдар да осындай өзгешелік жүргізілуі тиіс. Қазақстан Республикасы Конституциясы да осы принципті басшылыққа алады [3].

Шетелдіктер мен апатридтердің құқы мен мемлекеттің мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті деңгейде шешіледі. Атап айтқанда, олар мемлекеттің өкілетті органдардың сайлауға қатыстырылмайды, әскери қызметке шақырылмайды және т.б.

Қазақстан Республикасы азаматтығы жоқтардың құқықтары мен бостандықтарының шеңбері кең. Тек меншік және кәсіпкерлік қызмет саласындағыларын ғана атап өтейін. Сот шешімінен басқа ретте ешкім ешкімді өз меншігінен айыра алмайды. Мұнда әңгіме барлық адамдардың азаматтыққа тәуелсіз меншігі жөнінде болып отыр. Шетелдіктердің де азаматтығы жоқ адамдардың да кәсіпкерлік қызметі мемлекеттің қорғауында болады. Проблеманы мұндай шешуге халықаралық құқық нормаларына сәйкес келеді. Азаматтық және саяси құқық туралы пактіде «әр адам, ол қай жерде тұрса да, оның құқықтық субъектілігін тануға құқы бар» делінген [3].

Осы айтылғандарды тұжырымдай келгенде, Қазақстан Республикасы Конституциясы жалпыға мәлім халықаралық құқықтық актілердегі демократиялық, гуманды құндылықтардың бәрін барынша бойына сіңірген құжат болып табылады. Конституция – мемлекеттің негізгі заңы болғандықтан ол бастауларды көрсетпейді. Дегенмен, Қазақстан Республикасы конституциясы бірқатар жағдайларда халықаралық құқықтың нормаларына тікелей жүгінеді.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Конституциясы халықаралық құқықтың жалпыға мәлім нормаларына бағдарланған ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1 Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 16.12.1996ж. желтоқсандағы 15-ші сессиясында қабылдаған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. Халықаралық құжаттар жинағы Алматы 2009 ж.

2 Ж.Байшев «Конституционное право Республики Казахстан», Алматы, 2001 жыл, 14 бет.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы Жеті жарығы 2012.

Резюме

Рассматриваются вопросы норм Конституции Республики Казахстан и их взаимосвязь с нормами международных правовых актов.

ДАРКЕНБАЕВ А.И.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТИ м.а., З.Ф.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

050040, Қазақстан Республикасы, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71